



Тіркеу №2222

«ЕҢ БІЛІМДІ ПЕДАГОГ»
тәсбелгісімен олимпиада жеңімпазы

**Алибекова Гүлнұр
Нұрлановна**

«Білім шыны» қоғамдық бірлестігі
ұйымының 17 қараша
2022 жылғы №05 шешімі бойынша
марапатталды



Қазақстан Республикасы, 2022



Құрмет грамотасы ПОЧЁТНАЯ ГРАМОТА

«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және
отаншылдық қасиет» тақырыбында өткен
педагог қызметкерлердің аудандық тамыз
конференциясында жоғары дәрежеде
инновациялық идеялары мен тәжірибесімен
бөліскені үшін

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мғ
казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алибекова Гүлнұр
марапатталады

Келес ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің басшысы



Б.Абдиев

Тіркеу № 477

Абай ауылы, 2022жыл



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Трамота.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
РУХАНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖОЛЫНДА
ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫН ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН
АРТТЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН

Түркістан облысы, Семей ауданы
аудан/қала

н.в. Өзбекәлі Мәмбетов атындағы

мектеп-гимназиясының
мектебі

Бозағ нұр мен Әбелі мұғалімі

Алибекова Түлпүр Түрмәмовна
тең, аты, әкесінің аты

МАРАПАТТАЛАДЫ



Директор: Б. Төлімбет

Тіркеу № 2222

Түркістан, 2022



АЛҒЫС ХАТ

**Жазушы, ақын, публицист,
журналист Мұхаметжан Сералиннің
туылғанына 150 жыл толуына арнап
өткізілген «Ұлт қамқоры болған тұлға»
атты әдеби кешке белсене қатысқаны
үшін Амбекова Түлмүр
марапатталады**

Келес аудандық ОҚЖ-нің
директоры



/Г. Манахова

Келес ауданы 2022 жыл



ГРАМОТА

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алибекова Гүлнур

мектепшілік «Жыл мұғалімі -2022» байқауында
жан-жақты білім, жоғары талант, белсенділік танытып,

III орынға ие болғаны үшін

МАРАПАТТАЛАДЫ

Мектеп-гимназия директоры

Р. Табылдиева



2022 жыл



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ЖАС ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
ИГІЛІКТІ ІСТЕРІ МЕН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ АРҚАСЫНДА ӨЗ ШЕБЕРЛІГІН,
БІЛІКТІЛІГІН ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН
№2 О. Мәжібеков атындағы мектеп-гимназиясы
Алибекова Гүлнұр Нұрматовна
МАРАПАТТАЛАДЫ

Түркістан облысы

Келес ауданы

Адамгершілік, мәдениет және спорт

бөлімінің басшысы



Іркеу №

47

Түркістан облысы

Келес ауданы

Білім және ғылым

қызметкерлерінің жергілікті

кәсіптік одағының төрағасы



Н. Артыков

Келес ауданы Абай ауылы

2021 жыл

СЕРТИФИКАТ

АЛИБЕКОВА ГҮЛНҮР

Түркістан облысы Келес ауданы
№ 2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«БІЛІМ ШЫҢЫ-ҒЫЛЫМ СЫРЫ» журналының
2023 жыл №10 (96) жинақ санында

**«ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ,
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**

тақырыбындағы материалы жарияланды.
Таралу аймағы Қазақстан Республикасы



Бас редактор

Б.А.ЕСЕН

Қазақстан Республикасы, 2023



ПЕДАГОГТАР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
ТІРКЕУ КҮӘЛІГІ №15454-Ж (01.07.2015)

WWW.BILIM-SHINY.KZ

№10 (96) жинақ саны, 2023

Тіркеу №565

ГРАМОТА

ПЕДАГОГТАР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖҰР
ТІРКЕУ КҮНІЛІГІ №135454-Ж (01.07.2015)



Алибекова Тұлнұр

Түркістан облысы Келес ауданы
№2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ТАНЫТА ОТЫРЫП,
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ
ҮДЕРІСІНІҢ КРЕАТИВТІ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ
ДАМУДАҒЫ ОЗЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІН ЖАРИЯЛАП,
БАСЫЛЫМНЫҢ САПАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНІҢ АРТУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН
МАРАПАТТАЛАДЫ

Бас редактор



Б.А.ЕСЕН

WWW.BILIM-SHINI.KZ

№10 (96) жинақ саны, 2023

Тіркеу №565



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

АЛИБЕКОВА Гүлнұр,

*№ 2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Келес ауданы*

Қазақ халқының сөйлеу тілі – халық өмірінің, мінез-құлқының, іс-әрекетінің, шаруашылығының тұтқасы іспеттес. Ол-ең алдымен балаларды өздері өсіп келе жатқан ортасымен жақындастыратын, республикамыздың мемлекеттік тіліне қарай есікті айқара ашатын басты құрал. Мемлекеттік тілді үйретуге ынта білдіру дұрыс, бірақ балалармен жұмыс жасау тілді үйренетін баланың еске сақтауының, қабылдауының және тіл үйренуге қызығушылығының жақсы болуына байланысты. Тілді үйретушінің бала шақтан қос тілділікке, көп тілділікке үйрету туралы түсінігі болмай, балабақшада сабақ түрлері мен оны ұйымдастыру талаптары туралы педагогикалық-психологиялық арнайы біліммен қаруланбай жақсы нәтижеге жетуі мүмкін емес. Сөйлеу тілінің екі түрі барын ескерсек, балаларға үйретілуге тиістісі-әдеби емес, қарапайым сөйлеу тілі. Ауызекі сөйлеудің жеңіл түрі балалардың айналасындағылармен сұрақ, тілек үлгісімен сөйлесу орайында танылады. Әрине, отбасында қарапайым түрде қазақ тілінде сөйлеп өскен бала үшін қазақ тілін балабақшада жалғастыру қиын емес. Ондай бала күніз-ақ бала-бақшада орыс тілінде сөйлеп, үйге келгенде қарапайым түрде қазақ тіліне көше алады.

Біздің республика халықтарының жағдайында қос тілді араластырып сөйлейтін отбасылар көптеп кездеседі. Тіпті аралас некеден туған сәбилерде ғана емес, солтүстік аймақтарда қатарынан екі-үш тілді отбасылары да бар. Сөздерді, сөйлемдерді сығымдап, шолақ қайыру арқылы айтып, қысқартып сөйлейтін ауызекі сөйлеу тілінің қарапайым түрі осындай отбасынан шыққан балаларда кездесе береді. Адамның кей сөзді, сөз тұлғаларын «жұтып қойып» сөйлеуі (барам, айтам) бетпе-бет қатыса сөйлесу кезінде жиі кездесіп отырады, ал арнайы оқытуда балаларға сөйлесу үстіндегі сөз формаларының грамматикалық нормада құрылуын қалыптастыратын қазақ тілі мұғалімі екендігі белгілі. Балалық шақта екі тілді қатарынан меңгеру кандай балабақшада да өз нәтижесін бере алады. Ана тілін жетік білмейтін қазақ балалары үшін олардың сөйлеу үлгілерін меңгеруі басты меже болса, ал тілді енді үйренушілер сөздерді қысқа формасында қабылдайды. Өйткені оның сөздік қорына қазақ сөздері бастапқыда жеке, ізінен ана тіліміздің

грамматикалық құрылымдары түрінде қысқа қайырылатын формада беріледі, басқа ұлт балаларына қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық заңдары жайында балабақша жасынан түсінік беру тіптен көзделмейді.

Балалардың тілді қабылдау ерекшеліктері арнайы зерттеулер екі тілді қатарынан жастайынан үйренген баланың психикасында ешқандай тежелістер болмайтындығын дәлелдеп отыр. Қайта мұндай жеткіншектердің тіл ерекшеліктерін жақсы аңғаратындықтары, тіл қатынасына ерекше дайындықпен жауапты қарайтындықтары, еске сақтау, ойланып дәл сөйлеуге қабілетті келетіндіктері байқалды. Қос тілді отбасында бала тілді еркін қабылдап жаттығады, ал айналасындағылар орыс тілінде сөйлеп тұрса, балада мемлекеттік қазақ тілін үйренуіне қажеттілік болмайды. Сондықтан қазақ тіліне үйрету арнайы оқыту үдерісінде баланың ана тілінде сөйлеу тілінің жақсы қалыптасқанынан кейін басталады. Сөйлеу тілінің әдеби түрі жазба әдеби тілінен қоректенеді. Беттесіп сөйлеуде бола беретін психологиялық күй, интонациялық тағы да басқа сөз бедерлерін жазба әдебиетте дәл сол қалпында қағазға түсіру оңай емес. Қазақ тілін дұрыс тілдік жүйесімен, тиімді дидактикалық материалдарымен, баланың тілді қабылдау қабілеттерін есепке ала үйрету маңызды болып шығады. Ана тіліне қосақтап екінші ілді тиімсіз жағдайда оқытуды Ж.Аймауытов баланы жийдақ атқа теріс отырғызып жібергенмен бірдей екендігін кезінде тегін айтпаған. Екінші тілдің қабылдануында еске ұстайтын ұстанымдар да баршылық. Солардың ішінен қазақ тілін оқытуға қонымдысын ескеруіміз керек. Заманымыздың беделді педагогы әрі психологы Ш.А. Амонашвили балаларды екінші тілде ауызша сөйлеуге үйрету әдістемесін жасауда үш ұстанымға сүйенуді дұрыс деп есептейді. «Біріншіден, – дейді ғалым, балалардың бойында басқа тілді үйренудің ешқандай қиындығы жоқ деген түсінікті қалыптастыру керек. Үлкен адамдар орыс тілінде қате жіберіп сөйлеуден ұялады, ал менің балаларымда ондай қорқыныш болмауы керек. Олар тіпті ымымен немесе ана тіліндегі сөздерді қосып сөйлесіп, қателессе де болады. Ең негізгісі – оларды сол тілде бі-біріне тіл қатуға, тілді түсінуге бағыттау. Менің оларды орыс

тілін меңгеру процесіне жасайтын басшылығым тіпті сезілмейтін болады, өйткені мен арнайы түрде ұйымдастырылатын сөйлесу, бір-біріне тіл қату ситуацияларына өзім араласып отырамын». III. А. Амонашвилидің тіл үйретуде ұстанған екінші ұстанымы – балалар бойына қысқа мерзім аралығында үйреніп отырған тілде бір-бірін түсінетіндей, тіпті өзара сөйлесе алатындай сезім-сенімдер туғызу ұстанымы. Баланың күшіне, өз қабілетіне деген шынайы сенімді қалай қалыптастыратындығы жайлы психолог ғалым былай деп түсіндіреді: «Бала маған ол тілде бір нәрселерді айтпақ болғанын сезіп, мен оған басымды изеймін. Егер оларға ертегі немесе тақпақтар оқып отырсам, олардың мазмұнын сөздердің көмегімен ғана емес, экспрессияның әсерімен түсінікті ете түсуді ойластырамын. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін анық естілетіндей ашық дауыспен жеткіземін».

Психолгивистика саласында зерттеулер жүргізген М. Павлованың «Қос тілге үйретудің психологиялық негіздері» деген мақаласында балаға екінші тілді үйретудегі қиындықтар анықталған. Онда оқу үдерісі кезінде қайта-қайта әсер етіп тұрған тітіркендіргіштердің баланың ми қабаттарына уақытша динамикалық стереотип туғызатындығы, яғни үйретілетін материалдың мида көшірмесі ғана пайда болатыны сөз болады. Баланың жаңадан үйрене бастаған тіл дағдыларына көшуі үшін мидағы дайын стереотипті қолдана салмай, сол тілдің грамматикалық ережелерін, фонетикалық, лексикалық ерекшеліктерін мида қорытып, ойланып, дұрыс жауап беруге төселуін көздеу қажет делінеді. Бұл жөнінде өткен ғасырдың педагог жазушысы Л. Н. Толстой былай деп ескерткен болатын: «Үйренген сөзін баланың қолдана білуіне жағдай туғызу керек, сол сөзін сөйлеу тілінде, өзінің ауызекі сөйлеу тілінде бір рет қолдана білсе, ол сөз сонда ғана өзінің жеке меншігіне айналады».

Шетел психологтары Б. Уайт, Дж. Брунер, В. Пенфильд, Л.Р. Робертс, кеңес заманы ғалымдары Л.С. Выготский, С.Л. Рубенштейндердің теориялары бойынша 9 жасқа дейінгі бала – ауызекі сөйлеудің түрлі формаларын меңгерудің тамаша маманы. Бұл кезеңнен кейін сөйлеу кезіндегі ми механизмдері қызметі бәсеңдей бастайды. Бала миы екінші тілді меңгеруге ерекше қабілетті келеді, бірақ ол жас ұлғайған сайын азаяды. Қоғамдық, әлеуметтік жағдайларға байланысты ана тілін екінші тіл ретінде оқуға мәжбүр болған балалардың осы қабілетті кезеңін жіберіп алмай, ана тілінде сөйлеуге дағдыланған баланы мемлекет тіліне еркін көше алатындай жағдай тудыруды ойластыруымыз керек. Тілші-ғалым Л.С. Выготский айтқандай, ана тілін меңгеру үстінде бала сөз бен сол сөздің мағынасында бейнеленген объектілердің, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасына шек қоймайды, оларды бір-бірінен ажыратып жатпайды, оның санасында сөз нысанның, іс-әрекеттің т.б. ажырамас құрамды қасиеті, бөлігі сияқты боп қалыптасады. Сондықтан баланың айналадағы дүниені білсем деген табиғи қажеттігі ана тілін білуге деген қажеттілікке өз-өзінен, еш кедергісіз ұштасып жатады. Өткен заман белесінің тұғырынан биік орын алған, ғұлама

жазушы баланың мектеп жасына дейінгі қабілетіне ерекше бас іліп айтқан мына сөздері де бүтінде өмір шындығын танытып отыр: «Мен, – деп жазады Лев Николаевич, қазіргі өмірімдегі бар білетінімді ең жас кезімде меңгердім және сонша көп, сонша тез меңгергендіктен қалған өмірімде оның жүзден бірін де меңгергенім жоқ. Бес жастағы баладан маған дейін бір-ақ қадам. Жаңа туган баладан бес жасар балаға дейін үлкен қашықтық». Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігінің шешімімен балабақшаның ересек және мектепке дайрлық топ балаларының ішінен қазақ мектептеріне барғысы келетін балалар үшін тілді тереңдей оқытып, олардың мемлекеттік тілде ауытша сөйлеу тілін дамыту мақсатында қазақ тілі сабақтарын қолдану шаралары жүзеге асырылуда. Орыс халқының ұлы педагогы К.Д. Ушинскийдің: «Баланың бүкіл жан дүниесіне, оның толысып дамуына оны қоршаған табиғат, айналасындағы адамдар, оның өз белмесінде ітулі тұрған суретке дейін, өзі ойнайтын ойыншықтарына дейін әсері ететін болса, өзіндік ерекше сипаты бар осы құбылысқа қандай да болмасын сол халықтың тілі арқылы ықпал етуіне біз қалайша қарсы тұра аламыз?» дегенін еске ұстап, орыс балабақшаларында тәрбиеленіп, қазақ тілінде оқығысы келетін балалардың тілектерін орындамауға болмайды. Ресей елінде XIX ғасырдың бас кезінде өткен жағдайлар орыс тілінің тамырына балта шаба жаздағанын Л. Д. Ушинский мен М. Пирогов сияқты замана зиялылары тез түсінген де, баланы ата-ана, туган орта аясынан айырып шетел тілін оқытуға беруге қарсы тұрған. «Мұның зияны, – деп жазған М. Пирогов, – бала зейіні өздері білетін заттардың тереңірек зерттей танудың, ойлау процесінің жетілуіне қызмет етудің орнына, сол заттардың жаңаша атауларын үйренуге ауып кетеді. Баланың назары сөздің сыртқы формасында тұрақтап қалады, оның тол-ық болмыс-бітімі, мазмұны қозғаусыз тұра береді. Кейін де осылайша назар аудару бағыты үйреншікті әдетке айналады, ал ойлау бір жақтыланып, үстірттеніп кетеді». Мемлекет тілі қазақ тілі бола тұра, орыс тіліне қоса шетел тілін үйретуді қолдайтын зиялы топтарға, әсіресе ата-анаға жоғарыда келтірілген тұжырымдарды ескермеске болмайды.